

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	“Бөбек лүпілі” жеке меншік балабақшасы				
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	“Балдырған”				
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Бекишева М.А.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	06.03- 10.03.2023 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай				

әңгімелесу, кеңес беру	түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау.		"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын (күлгін, бальзамин) сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату.
	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Әже". Мақсат-міндеттер. Балаларды, әженің суретіне қарап, тақпақты мұқият тыңдап, педагогтің соңынан ілесіп, таныс сөздерді	"Мозаика" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты:		«Қамқорлық гүлі» Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды.	"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. Мақсат-міндеттер. Балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру;

	қайталауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: әженің суреті. Педагог әженің суретін балаларға көрсетіп, оған тақпақты айтып беруге ұсынады. "Әже". Әжем менің әлі де, Ұқсамайды кәріге. Шай қайнатып береді, Біздің үйдің бәріне. Н. Исахметов (сөйлеуді дамыту)	геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табакшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады. (сөйлеуді дамыту)		Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады. Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын аулаға (күн жылы болып, қар еріп жатса) немесе көктем мезгілі салынған пейзаж суретіне аударады. Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады. - Туды көктем! Шулы көктем Кең даланы оятты. Күн қызуын құйды көктем, Сең бұзылды, су
--	--	---	--	--	--

					ақты. Ш. Мәмбетов (көркем әдебиет)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. "Биік үй саламыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет). 2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы. Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде. 1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады). 3. "Шеге қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> Қасығымыз қайда? Табакшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! Мейірім мен жылулыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық! Тусипжанова-Шагирова А. (сөйлеуді дамыту)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Құстармен шалшықтан аттаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; гимнастикалық шеңберлермен	Музыка "Таза бұлақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, дұрыс айта білуге үйрету; би ырғақтарын музыка әуеніне сай сай жасау қабілетін қалыптастыру; топпен жұмыс жасау дағдыларына тәрбиелеу.		Дене шынықтыру "Бал бұлақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; жаттығу кезінде епті болуға тәрбиелеу.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Қонжыққа төсек". Мақсат-міндеттер. Балаларды үш кірпіштен төсек құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде ұғымдарын толықтыра отырып, олардың қасиетін іс-тәжірибеде тексеруге жаттықтыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз

	орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру.				қимылдарын сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге шақыру; құрылыс нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға машықтау. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, олардың кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен ақыл-ойын дамыту.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап,	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер.		Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға

	желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Желдің соққанын байқайық, Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды, Жапырақтармен ойнайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке	Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін қоқымнан тазалауға шақыру. (дене шынықтыру)		ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. - Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, шайқалып. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа,	машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. (дене шынықтыру) Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. - Балалар, мен желмін, сендер
--	---	---	--	--	--

	тәрбиелеу. Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді. - Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды. Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді. - Қанекей, қайталайықшы. Жарайсыңдар.	Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!"		еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адапсай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып	бұлттарсыңдар. - Мен сендерге: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар". Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. (еңбек дағдылары) "Құлыншақтар" қимылды ойыны.
--	---	--	--	--	---

	- Ал күшік қалай қимылдайды? Көрсетіндерші? - Жарайсыңдар! - Балапандар, балпаңдандар! Басқа балапандардан қалмаңдар! Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз: Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Ал күшігім жүгіреді, - Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді. - Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа! Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі ойнайды. Балалар жан-жаққа қашады. Ең соңындағы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады. "Ирелендеген жолдармен" ойын	сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіндер, Жемді шоқып, теріндер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріндер. Д. Ахметова Педагог балалар біраз отырып, демалып алғаннан кейін, оларға қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. "Шашылған		жасырады. «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға құлыншақтың суретін және қалташаларды үлестіреді. - Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы. - Құлыншақ шабады. Қараңдаршы.
--	---	--	--	---	--

	жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	асықтарды жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.		Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды. - Жарайсыңдар. - Ал енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік. "Құлыншақ". - Құлын, құлын, құлыншақ, Желкілдейді тұлымшақ. Маңдайында жұлдызы, Құйрығында құндызы. М. Жаманбалинов "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (асықты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік
--	---	---	--	--

					қабілеттерін дамыту.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан ояғанда бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте арқамен жатып, қолын жанына созады, демдерін еркін шығарады. 2. Балалар төсекте арқамен жатып, қолды екі жаққа созады, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастырады, демалады. 3. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын бастарына қойып, кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтереді, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіреді. 4. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын жанына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебеді Төсектен тұрғызу.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қоянның үйшігі". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қоянның үйшігі" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауап беруге талпындыру; шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің мінездері мен әрекеттері желісін бақылату. Балалардың тілін,	Сурет салудан ойын-жаттығу "Бұлақтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетін бақылап, жоғарғы жақтағы ағаштардың көлеңкелерінен төмен, қағаз ортасынан бастап, төменгі жағын солдан оңға қарай жатқан иректерге, "бұлақтарға" толтыруға үйрету; қылқаламды бояуға малып, сол жақтағы		Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Бұлақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды табиғат құбылысын бақылау негіздеріне үйрету; аққан бұлақтың қозғалу ерекшеліктерін байқап, еріген қардан пайда болатын су туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың жағымды эмоцияларға бөленулеріне жағдай жасау.	Музыкадан ойын-жаттығу "Бұлақ сылдыры". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; би ырғақтарын музыка әуеніне сай жасауға дағдыландару.

	танымын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.	нүктелердің біріне қойып, ұшымен иректеп, оң жақ шетке жеткізуге дағдыландыру; келесі иректерді, "бұлақтарды" біріншінің астына параллель салуға жаттықтыру; қылқалам түгін бояуға қайта малуға және жұмыстан кейін тіреушеге қою қабілетіне баулу; қардың көктемде еру қасиеті туралы түсініктер беру.			
Балалармен жеке жұмыс	"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту;	"Айналайын анашым" тақпағын мәнерлеп оқу. - Айналайын анашым, Әлпештеген мамашым, Еміп өскен бөбекпіз, Маматайдың		Өлең жаттау, қайталау. Құстар қанат қағады. Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шиқ-шиқ-деп, ән салады.	Өлең жаттау, қайталау. Құстар, құстар келеді, Даланы жырға бөледі. Көктем келді деп бізге, Жылы хабар әкелді. (сөйлеуді дамыту

	ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (сенсорика) мамасын. Ай қабақты анашым, Күн сәулесі мамашым, Ақ сүтіңмен суардың Бөбегіңнің санасын. М. Хәкімжанова (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)		(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	және көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын			

тағы басқа әрекеттер)	есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. (сенсорика) Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. Табиғат бұрышын қарастыру. (қоршаған ортамен танысу) Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дөрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-	Әңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар".

аналарға кеңес)	
-----------------	--

Тексерген:Бекишева М.А. 